# Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 675 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҰМҒТСО» АҚ) оған «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. «ҰМҒТСО» АҚ қызметінің негізгі мәні мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, ұлттық ғылыми кеңестердің жұмысын ұйымдастыру, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама нәтижелерін ұлттық ғылыми кеңестерге жіберу, орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың нәтижелерін (есептерін) бағалау, жүргізілетін ғылыми зерттеулердің, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың нәтижелілігінің мониторингін жүзеге асыру, қазақстандық және шетелдік сарапшылар құрамын сапалы іріктеуді қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға сараптама жүргізу үшін сарапшылар құрамын іріктеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып, қазақстандық ғалымдар қатарынан жүзеге асырылады, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету, ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың деректер банктерін қалыптастыру, өз қызметін жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне «ҰМҒТСО» АҚ мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын беруді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *Б.Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 7 қарашадағы
№ 675 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Астана қаласы» деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-130-жол алып тасталсын;

«Алматы қаласы» деген бөлімде:

реттік нөмірі 123-141-жол алып тасталсын:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-147-жолмен толықтырылсын:

«123-147. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ».

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті» деген бөлімде:

реттік нөмірі 222-39-5-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-39-7-жолмен толықтырылсын:

«222-39-7. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ;

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті» деген бөлімде:

реттік нөмірі 222-41-жол алып тасталсын.

3. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі № 700 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2006 ж., № 27, 290-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Акционерлік қоғамдар» деген 3-бөлімде:

реттік нөмірі 26-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 28-жолмен толықтырылсын:

«28. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы».

4. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 32-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 33-жолмен толықтырылсын:

«33. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жол алып тасталсын.

5. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 40, 500-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасында:

«Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға арналған үлгі шарт» деген қосымшада:

«6. Өзге талаптар» деген бөлімде:

5-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ғылыми-зерттеу жұмысы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-да міндетті түрде мемлекеттік тіркелуден өтуі тиіс;».

6. «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысында:

42-қосымшада:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2016 жылға арналған мемлекеттік тапсырмалардың тізбесінде:

реттік нөмірі 18-жолда:

«Мемлекеттік тапсырманың орындалуына жауапты заңды тұлғаның атауы» деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ».

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК